



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

туғыза алады. Тек 5-10% емделушілер 2 жыл ішінде нәтижесін ұстап тұра алады. Төмен энергетикалық құндылығы бар диета тағайындауда термогенез бұзылады, сонымен бірге энергия шығыны төмендейді (мысалы, тереоид гармондарының мазмұны төмендету есебінен). Осымен байланысты энергия қабылдау және энергия жұмсау арасындағы баланс өзгермейді, жиналған май орнын сақтауына алып келеді [6]. Мамандар қатары диетаны сақтау артық салмаққа қарағанда, жоғары дәрежеде өзін-өзі сезінуі нашарлайды, сонымен қатар емделушілердің негативті сезімі мен сенімділіктің және өзіне деген құрметінің жоғалуынан түрлі ауруларға апаратынын айтады. Осыған байланысты әрбір дәрігер, диета ұстаған емделуші өзін жарымжан сезінетінін түсінуі керек. Жүйке коррекциясының көмегінсіз тіпті дұрыс таңдалған диета да тиімсіз болады.

Әрбір қыздар үшін өзін тартымды сезіну өте маңызды. Сүйікті адамы үшін де, өзі үшін тартымды болған адам қоршаған орта адамдарыда оны тартымды деп санайды. Әрине, адамдармен қатынас жасау көбіне тұлғалық сапаға байланысты – сүйкімділік, ақылдылық, әзілкеш және т.б. Бірақ бұл сапалардың барлығы адамдарда болады. Барлығы біреуге ұнағысы келеді. Өзін әдемі, тартымды сезінгісі келеді. Мақсатқа жету үшін артық салмақ көмектеспейді. Иә және таныстарыңа да ойы кең және тартымды әңгімелесушімен ғана емес сонымен қатар әдемі және жинақы адаммен жағымды.

Ең қайғылысы артық салмақ өзіне деген қатынасына кері әсер етуі мүмкін. Килограмм саны асқан сайын сенімділігі мен өзін-өзі бағалауы төмендейді. Ал, егер өзін-өзі бағалауы түссе, онда өзіндік жақсы адамдық қасиетін көрсету қиындайды. Осыдан шешім шығара алмайтын, тұйықтық және басқада қасиеттер туындайды. Егер өз-өзіне ұнауы төмендесе белгілі бір уақыттан кейін қоршаған ортаның оған деген таңқалушылығын тудырмайды. Бұл табиғи нәрсе. Өз-өзіне сенімсіздік кейде сыртқы бейнесі бойынша көруге болады – бүкірлік, қысылу, тұйықталу. Бұлар бұлшықеттің қысылуына, қан айналымына, адамның энергиясына және алмасу процестеріне әсер етеді. Біздің сыртқы бейне біздің ішкі күйіміз туралы қоршаған орта өте жақсы сипаттайды. Кімнің күшті қарым-қатынас жасауын және кімде уайымның болуын ешкім бақыламайды. Өйткені біз адамдармен сенімді және жайдарлы қатынас жасасақ бізде жігерлі және көңілді боламыз, ал мазасыздықпен қатынас жасасақ, біз оны жабырқаңқы күйде деп қабылдаймыз. Сондықтан адам сенімді, жігерлі, жыныстыққа ұмтылады. Адамдар, негізінен соның ішінде қыздар, махаббатты қатты қажетсінеді. Махаббатты олар бірден бір қажеттілік деп санайды. Адам қашан өзін шын мәнінде жақсы көрсе, басқаға махаббатын сезіне алады. Салмақтың төмендеуі қыздар үшін жайлы болады, шынайы қолдаулар сезеді және олар саналы түрде асқа деген өзінің қатынасын құрады. Тамақтану әдетінің мамандары және психотерапевт дәрігерлер таматамақтану әдетінің бұзылу түрлерімен, олардың әрқайсыларының тұлғалық ерекшеліктерімен жұмыс жасайды.

Қолданған әдебиеттер:

1. Быховская И.М. "Человек телесный" в социокультурном пространстве и времени. - М., 1997. - 212с.
2. Тимошенко Г.В., Леоненко Е.А. Знакомство с собой. Как чувствует себя ваше тело? – М.: 2006;
3. Александров А.А. Психотерапия: Учебное пособие - СПб.: Питер, 2004. - 480 с.
4. Берне Р. Развитие Я - концепции и воспитание - М.: Прогресс, 2006. - 420 с.
5. Бессесен Д.Г. Избыточный вес и ожирение: профилактика, диагностика и лечение - М.: Бином, 2004. - 239 с.
6. Благосклонная Я.В. Проблемы лишнего веса - СПб.: Невский проспект, 2008. – 118

УДК 327.3:316.4(574)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК
БАҒЫТТАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ.**

Жандаулетова А. Қ.

Қазіргі уақытта халықаралық ұйымдарға мүше болу және олардың қызметтеріне белсенді қатысу — егеменді, тәуелсіз мемлекеттердің маңызды істерінің бірі. Реформалар жолына түсіп, өркениетті қоғам құруға талаптанып жатқан Қазақстан үшін халықаралық ұйымдардың қызметіне кең көлемде араласу — бүгінгі күннің көкейкесті мәселесіне айналып отыр.

Халықаралық қатынастардың ерекше белгісінің бірі - халықаралық ұйымдар рөлінің арта түсуі. Бұл арада халықаралық қатынастар шеңберінің кеңейіп, күрделенуін, көпжақты дипломатияның дамуын, сонымен қатар халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықтың күшейе түсуін айту керек. Халықаралық қатынастарды тек қана екі жақты қатынастармен шектеуге болмайды. Әлемдік маңызы бар мәселелердің, соның ішінде әлеуметтік мәселелердің көбеюі олардың шешімін табу жолында халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіруді талап етеді.

Саясаттың ғаламдануы ұлттық мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы орны мен рөлін өзгертуге әкелді. Аймақтандыру және ғаламдастыру процестері жекелеген мемлекеттердің де, сондай-ақ тұтас алғанда халықаралық саяси жүйенің де рөлі мен функциясына үлкен ықпал етуде.

Қалыптасқан геосаяси өмір болмысын және әлемдегі геосаяси күштердің қатарындағы өзінің орнын байсалды бағалай келіп, Қазақстан ТМД, сондай-ақ бүкіл әлем шеңберінде әр түрлі интеграциялық топтардың жұмысына белсенді түрде қатысуда, осы арқылы ол әлемнің ғаламдық проблемаларын шешуге өз үлесін қосып қана қоймай, сонымен бірге ұлттық мүдделерін шешуге жол ашады.

Бүгінгі таңда ең беделді, әрі күрделі құрылымды халықаралық ұйымдардың арасында 1945 жылы құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымының саяси салмағы басым. Қазақстан Республикасы үшін БҰҰ-мен бірлесіп әрекет етуі – еліміздің сыртқы саяси қызметінің ең маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Еліміз бұл ұйымға 1992 жылдың 2 Наурызында өткен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 46 сессиясындағы нөмір 46/224 резолюциясының қабылдануының нәтижесінде кірген.

1998 жылы 16 қарашада БҰҰ БА-ның 53-сессиясы «Халықаралық ынтымақтастық және тұрғындарды сауықтыру Қазақстандағы Семей аумағының экологиясы мен экономикалық дамуы мақсатындағы жұмыстарды үйлестіру» деп аталған қарар қабылдады. Қазақстан басқа да халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесіне айналды. 1998 жылы республика БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесі (ЭӘК) жанындағы комиссия құрамына кірді. Қазақстанның БҰҰ-ның балаларға көмек қорымен (БҚК) ынтымақтастығы кең түрде даму үстінде. Республикада «Бала мен ана денсаулығы», «Базалық білім беру», «Сумен қамтамасыз ету және санитария ісі» және басқа да бағдарламалар бойынша жұмыстар жүргізілді. 1997 жылы Қазақстан БҰҰ-ның балаларға көмек қорының Атқару Кеңесіне мүше болды.

1996 жылы мамырда ЮНЕСКО (БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелерімен айналысатын ұйымы) делегациясының Алматыға сапары кезінде үлкен ғаламдық ЮНЕСКО бағдарламаларын («Адам және биосфера», «Халықаралық гидрология») жүзеге асыру жөнінде келісімдерге қол жеткізілді. 1997 жылғы қарашада ЮНЕСКО-ның Париждегі Бас конференциясында Қазақстан ЮНЕСКО-ның Атқару Кеңесінің мүшелігіне қабылданды. 1994—1995 жылдарда ЕҚЫҰ-ның төмендегідей құрылымдарымен тұрақты ынтымақтастық байланыстар орнады: аз санды ұлттар жөніндегі институты, демократиялық институттар мен адам құқығы бюросы. 1999 жылдың қаңтарынан бастап Алматыда ЕҚЫҰ орталығы тұрақты жұмыс істейді.

Әлемдік саяси проблемаларға Қазақстанның тепе-теңдік сақтаған және шынайы көзқарасы БҰҰ БА-ның күн тәртібіндегі өткір мәселелер бойынша дауыс берген кезде осы халықаралық форумда оң бағаланып жүр. Біздің еліміз ЕҚЫҰ-ның, Парламентаралық Одақ пен Экономикалық Ынтымақтастық ұйымының мүшесі болғандықтан осы бірлестіктердің

БҰҰ мен ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған Бас Ассамблея қабылдайтын қарарлардың тең авторы болып табылады.

БҰҰ-дағы біздің мемлекетіміздің ұстанымы БҰҰ қарапайым мәселелердің бүкіл кешені бойынша Қазақстанның мүдделерін ескерудің негізінде қалыптасады. Бұл орайда экономика, экология, әлеуметтік даму, халықаралық құқықты прогрессивті дамыту, адам құқығын сақтау саласында, ұйымдасқан қылмыс пен есірткі бизнесіне қарсы күрес саласында БҰҰ мен өзара іс-қимылды нығайтуға айырықша көңіл бөлінде.

Экономикалық Ынтымақтастық ұйымы 1985 жылы құрылды. 1992 жылғы қарашада жаңа жеті мемлекет, оның ішінде Қазақстан ЭЫҰ құрамына кіргеннен кейін аталған бірлестіктің қызметі елеулі түрді жанданды. ЭЫҰ-ның негізгі міндеті – мүше елдердің үздіксіз әлеуметтік- экономикалық дамуы үшін, аймақ мемлекеттері экономикасының шаруашылық байланыстарының әлемдік жүйесіне дәйекті түрде және бірте-бірте кірігуі үшін жағдай жасау болып табылады.

Біздің еліміздің қазіргі заманғы әлемнің жетекші қаржылық және экономикалық институттарымен өзара іс-қимылы Қазақстанның тұрақты экономикалық өсімінің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Осындай құрылымдардың қызметіне Қазақстанның қатысуы әлемдік рынокта оның позициясын нығайтуға, сыртқы берешек проблемаларын реттеу және ішкі ақша айналымын тұрақтандыру үшін енгізуге қаржылық ресурстар тартудың перспективасын жақсартады.

Экономикалық реформаларды қаржыландыру, ұлттық экономиканың жекелеген салаларын дамыту жөніндегі арнайы жобаларды іске асыруға арналған заемдар мен несиелерді алу көзқарасы тұрғысынан Қазақстан Халықаралық Валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Еуропалық Қайта құру және Даму банкі, Азиялық Даму банкі, Ислам Даму банкі сияқты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа басымдықты рөл береді.

Бүгінгі күні Қазақстан халықаралық саяси және экономикалық қатынастардың жетекші қатысушысы, сонымен қатар, әр түрлі мемлекетаралық және интеграциялық жобалардың бастамашысы ретінде маңызды рөл атқарады. Біздің Қазақстан тарихындағы салтанатты жетістігі және оның саяси салмағы мен беделін сыртқы әріптестерінің жалпылай мойындауының айғағы еліміздің 2010 жылы ЕЫҚҰ төрағалық етуі болды.

Сонымен бірге Қазақстанның кез келген халықаралық бастамашылығы тек республикаға ғана емес, ең алдымен оның азаматтарына да саяси және экономикалық тиімділік әкелетіндігін түсіну қажет. Әсіресе бұл бүгінгі күні республикамыз Ресей және Беларусьпен бірлесе отырып 2015 жылы Евразиялық экономикалық одақ құру бағытында интеграциялық жобаларды жүзеге асыру кезінде өзекті болып отыр. Сәйкес үрдістер едәуір ауыр өтуде және қазақстандық қауымдастықтардың ішкі және топтар арасындағы әр түрлі мағынадағы қайшылықтар туындатады. Осының бәрін, Қазақстан басшылығы алдағы уақыттағы республиканың сыртқы саяси бағытын белгілеуде екіжақты, сондай-ақ көп жақты әріптестік құру шегінде ескерілуі қажет.

Халықаралық және мемлекетаралық ұйымдар	Қазақстанның ұлттық мүддесіне сәйкестік деңгейі	Қазақстанның ішкі саясаты тұрғысынан тиімділігі	Қазақстанның сыртқы саясаты тұрғысынан тиімділігі	Экономикалық әріптестік тиімділігі	Қауіпсіздік саласындағы әріптестік тиімділігі	Мәдени-гуманитарлық әріптестік тиімділігі	Әріптестіктің орташа бағалау көрсеткіші индексі
Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)	5,57	4,21	5,68	3,33	4,76	5	19,46
Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шарт ұйымы (ҰҚШҰ)	5,46	4,09	5,11	2,94	5,37	2,09	19,46
Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ)	5,54	4,39	5,4	4,06	5,06	3,4	18,91
Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД)	4,8	4	4,09	4	3,91	4,63	17,12
Европадағы қауіпсіздік және әріптестік жөніндегі ұйымы (ОБСЕ)	4,89	4,29	4,97	3,13	4,31	3,48	17,06
Кеден одағы / Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК)	5,06	4,09	4,4	4,71	3,47	3,21	17,06
Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТЮРКСОЙ)	5,13	3,97	4,17	3,56	2,43	5,27	16,69
Білім, ғылым және мәдениет мәселесі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО)	4,91	4,21	4,38	2,77	2,27	5,52	16,44
Евразиялық экономикалық қауымдастық (ЕврАзЭС)	4,85	4,09	4,47	4,85	3,29	3,24	16,44
Ислам Әріптестік Ұйымы (ИӘҰ)	4,85	3,48	4,52	3,88	3,13	3,75	16,06
Азиядағы өзара әрекет ету және сенім шаралары кеңесі (СВМДА)	4,59	3,18	4,46	2,52	3,67	2,58	14,43
Евро-Атлантикалық әріптестік Кеңесі және «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы Солтүстік атлантика шарт Ұйымы (НАТО)	4,35	2,85	4,59	2,55	4,35	2,24	14,34
Экономикалық әріптестік ұйымы (ЭӘҰ)	4,5	2,76	3,32	4,19	2,52	2,41	13,36

1. Кесте

Қазақстанның ұлттық мүддесіне аз әсер ететін ұйымдар — Солтүстік атлантика шартының аясындағы Ұйымы (НАТО), Евро-Атлантикалық әріптестік кеңесі және «Бейбітшілік үшін Әріптестік» бағдарламасы (4,35 балл), сондай-ақ Экономикалық әріптестік ұйымдары (ЭӘҰ) (сәйкес 4,5 балл).

10 азиялық мемлекеттен құрылған ЭӘҰ өңірлік сипаты, оның шегінде мемлекет аралық әріптестік үшін мәселелердің салыстырмалы аздығының тізбесінің осы ұйым тарапынан Қазақстан үшін қандайда бір ауқымды тиімділікті анықтауға мүмкіндік бермейді. НАТО институттарына қатысты, осы әскери-саяси блокқа Қазақстанның толық құқықтық мүшеліксіздікке ұсынылуы өзінің ұлттық мүдделеріне оның тарапынан маңызды қолдау таппайды. Одан басқа Қазақстанның сыртқы саясатындағы Ресей мен Қытайдың пайдасына басымдылығы оның НАТО-мен өзара қарым-қатынасын шектейді.

Қарастырылып отырған халықаралық және мемлекетаралық ұйымдардың бірде бірі Қазақстанның ішкі саясатына елеулі әсер етпейді. ОБСЕ Қазақстанда демократияның дамуына қолдау көрсету және азамат бостандығы мен құқығының сақталу жағдайларын жақсарту тарапынан көзқарасын өзгертпейді.

Қорытындылай келе, зерттеліп отырған халықаралық және мемлекетаралық ұйымдармен Қазақстанның әріптестікте болуының орташа бағалау индексі ескере отырып жалпы сипаттамасында біздің еліміз үлкен тиімділік алатындары:

- БҰҰ мен ОДКБ – 19,46 баллдан;
- ШОС — 18,91 балл;
- ТМД — 17,12 балл;
- ОБСЕ және Кеден одағы / БЭК – 17,06 баллдан.

ТМД осы сәйкес ұйымдардың тізбегіне ілігуі барлық қарастырылып отырған бағыттар бойынша, қауіпсіздік саласын қоспағанда, оның бағасы орташадан төмен деңгейге түспегендігімен түсіндіріледі (4 балл). Сонымен бірге, мәдени-гуманитарлық желі бойынша Қазақстанның ТМД өзара қарым-қатынаста болуы салыстырмалы түрде жоғары бағада екендігін атап өткен жөн (4,63 балл), ең алдымен, бір-бірінің аумағында ТМД қатысушы-елдер азаматтарының кедергісіз қозғалу факторын ескергенде.

ОБСЕ жоғарыда аталған бағыты, ең алдымен, осы ұйымға Қазақстанның төрағалық ету

үшітігі жұмысының 2009-2011 жж. аяқталуы, халықаралық деңгейдегі республика басымдылығының өзге сыртқы саяси әріптестіктерге қарай ойысқанымен байланыстыруға болады.

Жалпы рейтингте өте төмен орын алғандары:

- ЭӘҰ — 13,36 балл;
- Евро-Атлантикалық әріптестік Кеңесі және НАТО «Бейбітшілік үшін Әріптестік» бағдарламасы — 14,34 балл;
- СВМДА — 14,43 балл.

Тұтас алғанда, осы зерттеудің нәтижелері келесі қажеттіліктерді анықтады:

✓ Қазақстанның сыртқы саясаттағы бағытын, оның әр түрлі халықаралық және мемлекет аралық ұйымдарға және интеграциялық жобаларға қатысу үрдісінде, қысқа-, орташа-, және ұзақ мерзімге перспективалығын және оларды жүзеге асырудың болжалған нәтижелерін қосқанда, егжей-тегжейлі стратегиялық жоспарлау;

✓ Қазақстанның белгілі бір халықаралық немесе мемлекетаралық құрылымдарға енуінің жоспарын және перспективаларын талқылау (атап айтқанда, Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), сонымен қатар, кең қауымдастық арасында алдағы уақыттағы сәйкес ұйымдармен әріптестігін дамытуы, және ең алдымен, қызығушылық білдірген тараптардың барлық айтылған әрі жинақталған көзқарастарды ескеру;

✓ Қазақстанның сол немесе өзге ұйымдарға және жобаларға қатысуы оның көп қырлы ұлттық мүддесімен сәйкес келуін максималды қамтамасыз ету.

Қолданылған әдебиет

1. <http://e-history.kz/kz/contents/view/171> Материал ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтымен берілген.
2. <http://www.un.org> БҰҰ-ның ресми сайты.
3. <http://agencyrating.kz/rating-organizaciya-kz/?lang=kz> Зерттеу агенттігінің ресми сайты.
4. <http://testent.ru>

УДК 316.63

ӘСКЕРИ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жанкелдина Сымбат

zhan.sy_94@mail.ru

Қазақ гуманитарлық заң университеті «Психология» мамандығының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Е. Турманова

Қорғаныс саласындағы әскери қызметкерлердің тұлғалық бағыттылығын жан-жақты зерттеу үшін сол салада қызмет ететін тұлғалардың даралық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтік-психологиялық мәселелердің субъектісі ретінде талдау қажет. Қоғамда қорғаныс саласында жұмыс жасаудың өзіндік арнайылығы мен ерекшелігі бар екені бұрыннан белгілі. Дегенмен, қорғаныс саласындағы әскери қызметкер болу әрбір тұлғаның келбетінетура келе бермейді, дәлірек айтқанда, әлеуметтік қоғамдық қалыптасу жүйесінде әскери қызмет атқару сол қызметті атқару субъектісінің өмір сүру бейнесіне деген қатынасында айқындалады. Мысалы, Отан қорғау жолындағы кездесетін қиындықты жеңе білу ер азаматтың міндеті екенін «Өзіңнің еліңнен, жеріңнен қымбат не бар екенін – «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деп айтқан даңқты батыр Бауыржан Момышұлының әскери адам тұлғасының қандай болу керек екенін байқауға болады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін жоғарлату бойынша көптеген